

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2019 жылғы 29 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Г.Н. Әбдіқалықоваға**

Депутаттық сауал

Құрметті Гүлшара Наушақызы!

31 мамырда Қазақстанда Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. 1997 жылы осы ұмытылмас күнді белгілеу туралы Жарлыққа Елбасы Н.Ә. Назарбаев қол қойды және 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне айналды. Осы ұмытылмас күннің атауындағы «ашаршылық» деген сөз кейіннен пайда болды, бірақ қазақ даласында осы ашаршылықты сол кездегі саяси акциялардың біріне жатқызуға болатынын бәріміз жақсы түсінеміз. Осы ашаршылық «Голощекиндік» деп аталып жүр, қазақ тілінде ол ашаршылық деп айтылады. Ол «кулактарды тап ретінде жою» ресми саясаты, ұжымдастыру, орталық биліктің азық-түлікті дайындау жоспарын ұлғайтуы және қазақтардан малды тәркілеу туындатқан 1932-1933 жылдардағы жалпыодақтық ашаршылықтың бір бөлігі болды.

Жаппай саяси қуғын-сүргін адамзат тарихына тоталитарлық режимнің өз халқына қарсы айуандығы ретінде кірді. КСРО ыдырап, егемендікке қол жеткізгеннен кейін мемлекеттер мен ұлттар қанды террордың зардаптарын талдап, тағылым алуға және осы оқиғаларды қазіргі заманғы демократиялық қоғам тұрғысынан бағалауға тырыса отырып, өздерінің өткеніне көз жүгіртті.

1997 жылдан бастап жыл сайын еліміздің тұрғындары Қазақстан аумағында және оның шегінен тыс жерде билік тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған барлық адамдарды еске алып, лагерлерден қайтып оралмаған немесе аштан өлген туыстары

мен жақындарын, тағдырдың айдауымен жер аудару кезеңінде қазақ жерінде болған миллиондаған халықтарды еске алады.

Еркінен тыс осы жерде болған көптеген адамдарды өз Отанында қарсы алған қазақ халқына алғыс білдіріп, лайықты бағасын беру қажет. Қазақ халқы мен жер аударылған және қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың өзі бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсетті, тағдыр тәлкегіне қалдырмай, қиын өмірлік жағдайда аман қалуға көмектесті.

Қазақстанда ГУЛАГ-тың он бір лагері жұмыс істеді, олардың арасында Дальний, Песчаный, Ақтөбе, ҚарЛаг, АЛЖИР, Степной, ҚамысЛаг және Кеңгір адамдар көптеп ұсталған лагерлер еді, соларға ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлері жіберілген болатын. Осы лагерлердің тарихы өздері тұрған жердің жадына ащы тұздай сіңіп кетті.

Арнайы қоныс аударушылар, еңбекші қоныстанушылар, көшіріліп жіберілгендер, жер аударылып келіп қоныстанғандар – осының бәрі қуғын-сүргіндерді, ел мен армияның осы адамдарға қарсы қылмыстарын бүркемелеуге тиіс болған қитұрқы сөздер. Шын мәнінде, бұл жер аударылғандар, яғни, тіпті адамдардың жекелеген санаттары емес, Украинадан, Беларусьтен, Крымнан, Еділ бойынан, Кавказдан мәжбүрлеп, жаппай қоныс аударылған этностар. Оларға тән сипаттар: жазалаушы органдар айқындаған жерде мәжбүрлі тұру, осы мәртебеде болуға байланысты барлық қағидаларды, нұсқамаларды мәжбүрлі орындау, күш құрылымдарының нұсқауы бойынша мәжбүрлі еңбек ету, осы жазаның белгілі бір мерзімдерінің болмауы. Олар «жазаланған халықтар» деп аталды. Не үшін жазаланған?! Көптеген он мыңдаған «жазаланғандар» жолда және қоныс аударылған алғашқы айларда аштық пен аурудан көз жұмды, ал тірі қалғандары жүйенің тұтқындарына айналды. Оларға жаңа тұрғылықты жерінен кетуге тыйым салынды, осы ережені бұзу 20 жылға дейін азапты жұмыс істеуге жазаланатын. Өртүрлі архивтік деректер бойынша соғыс жылдары Қазақстанға 900 мыңнан бастап 1 млн. 209 мыңға дейін адам жер аударылды.

Өкінішке қарай, қуғын-сүргін, жер аудару құрбандарының, лагерь тұтқындарының тағдыры туралы толығырақ білу көпшілік жағдайда мүмкін бола бермейді. Қазіргі уақытта көптеген құжаттар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармаларында жатыр.

Мемлекетіміздің тарихына қатысы бар архивтер мен қорлар кешенді түрде зерттеліп, оларға терең талдау жүргізілуге және осы зерттеу нәтижелері халықтың назарына жеткізілуге тиіс деп санаймыз. Ел өміріндегі осы кезең маңызды әрі қайғылы оқиғаларға толы.

80 жылдан астам уақыт бойы ұзақ сақталуына орай, көптеген архивтік құжаттар қазірдің өзінде оқуға жарамсыз екенін, себебі, сиямен жазылған жазбалардың бірте-бірте өшіріліп, күнгірттенетінін атап өткен жөн. Бізге ғалымдарымыздың аталған

кұжаттарды белсенді түрде зерделеуіне рұқсат беру керек. Бәрімізге көршілес мемлекеттердің тәжірибесі белгілі, он елдерде кеңестік кезеңнің архивтік материалдары мен құжаттары ашылып, ғылым өкілдерінің оларды белсенді түрде зерделей отырып, терең тұжырымдар мен қорытындылар жасауға мүмкіндігі бар. Өйткені, өткеннің тарихи тәжірибесін ескермей, жаңа қоғамды құру қиынға соғады. Мемлекетіміздің саясаты демократиялы қоғам құруға бағытталған, сондықтан, осы архивтік материалдарды талдау біз үшін өте маңызды. Тарихты зерделеу өскелең ұрпақты тәрбиелеуде маңызды орынға ие, «Рухани жаңғыру», «Туған жер» және «Қасиетті Қазақстан» бағдармалары осыған бағытталған.

Сол жылдардағы қайғылы оқиғалардың толық көрінісін қалпына келтіру үшін бар күш-жігерді жұмсау қажет. Бұрын лагерлер орналасқан барлық қалаларымызда көркемөнер орталықтары мен музейлер ашылса, архивтік құжаттар көрмелерінің көрсетілімдері және ғылыми конференциялар өткізілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Қуғын-сүргін құрбандарын, лагерь тұтқындарын, ашаршылық құрбандарын, жер аударылған халықтарды еске алып құрметтеу өте маңызды. Өткенімізді білмесек, болашағымыз да бұлыңғыр болады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Гүлшара Наушақызы, тиісті министрліктер мен мемлекеттік органдарға төмендегі шаралар кешенін қабылдау туралы тапсырма беруіңізді сұраймын:

- Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнін өткізудің бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеп, оны еліміздегі Жастар жылымен сабақтастыру қажет, сонымен қоса, теледидар мен радиодағы бүкіл ойын-сауық контенті шектеліп, кез келген концерттік және өзге де іс-шаралар өткізілмей, көңіл көтеретін орындар жабық болуға тиіс;

- архивтік материалдарды еркін зерделеу, ғалымдардың архивтік құжаттарды талдау және жариялау мүмкіндігін алуы, конференциялар, симпозиумдар және т.б. өткізу үшін жағдай жасай отырып, сол жылдардағы оқиғаларға объективті әрі толық зерттеу жүргізу. Қуғын-сүргінге ұшыраған және қайтыс болған отандастарымыздың атын қалпына келтіру, ал қажет болған жағдайда, оларды ақтау жөніндегі жұмыс жалғастырылуға тиіс;

- адамдар жаппай қырылған және жерленген барлық орындарды тегіс айқындап, анықтау, шын мәнінде, бұл лагерлер және жер аударылған халықтар қоныстанған жерлер болған даладағы аумақтар; ашаршылық жылдары жермен жексен болған қазақ ауылдары; ата-бабаларымыз, әкелеріміз, аналарымыз, аға-әпкелеріміз өмір сүрген орындар. Осындай барлық жерлерде мемориалдық кешендер орнату және оларды еліміздің қасиетті географиясына қосып, Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын ортақ еске алу музейіне біріктіру қажет;

- еліміздің тарихын білім беру ұйымдарында оқытуды қайта қарау, бұл жерде Қазақстан тарихының орнына оқу бағдарламаларына енгізілген Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы курсы оқыту туралы мәселені егжей-тегжейлі қараған жөн;

- музейлерге туристік салаға және туристік бизнеске толыққанды қатысуға мүмкіндік беру керек, сол кезде экспозициялардың мазмұны мен сапасы, олардың ғылыми және тарихи құндылығы азаматтарымыздың дүниетанымын қалыптастыруға, елімізге туристер мен ғалымдарды тартуға жол ашып, Қазақстанның демократиялық және ашық мемлекет ретіндегі беделін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

«Nur Otan» партиясы

Фракциясының мүшесі, депутат

Н. Дулатбеков